

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы

«Әдебиеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің коды: LMK 6304

Пәннің ID: 6304

«7M02309 - Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: магистратура

Курс – 2

Семестр – 3

Кредит саны – 9

Алматы, 2025

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері, түрлері мен нысандары туралы тұтас түсінік қалыптастыру, тиімді коммуникацияны жүзеге асыру үшін айтылған пікірлерді дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыру.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Қазіргі әлемдегі мәдениетаралық өзара әрекеттестік контекстінде қазақ әдебиеті мәселелерінің негізгі аспектілерін білу және түсіндіру; тиімді мәдениетаралық коммуникацияны қамтамасыз ету дағдыларын меңгеру.
2. Қазіргі заманғы мәдениетаралық кеңістіктің ерекшеліктерін және оның көркем шығармашылықтың дамуы мен қабылдануына әсерін зерттеу, ғылыми ортаға ұсыну.
3. Білім алушыларға қажетті теориялық білім беру; көркем шығармашылықты зерттеу үрдістерін білу, мәдениетаралық қарым-қатынас контекстінде қазақ әдебиетінің шығармаларын талдау.
4. Әлемдік әдебиеттің дамуы мен елдердің өзара қарым-қатынасын, әдебиеттер арасындағы қарым-қатынас үдерістерін түсіну;
5. Магистранттардың бойында әдеби талдау, мәтінді кәсіби тұрғыдан қабылдау, күрделі әдеби құбылыстарды түсіндіру икемін қалыптастыру; көркем шығармалардың материалында мәдениетаралық қатығыстарды және қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық және ұғымдық аппаратын қолдану.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1 МОДУЛЬ Мәдениетаралық коммуникацияның даму тенденциялары

Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының қалыптасуы мен даму тарихы.

Мәдениетаралық қарым-қатынас ғылым ретінде.

Мәдениет және құндылықтар. Мәдени сәйкестік және мәдениетаралық өзгешеліктер.

Мәдениетаралық коммуникация қарым-қатынас ретінде. Мәдениетаралық коммуникация негізін қалаушы Э. Холл, Г. Хофштеде, Ф. Клакхон көзқарастары.

Мәдениетаралық қарым-қатынас түрлері. Вербалды, бейвербалды және паравербалды.

Мәдениетті игеру. Мәдениетаралық қарым-қатынаста ұлттық сипаттың орны.

Ежелгі грек, үнді, қытай, түркі халықтарының мифологиясындағы дүниенің жаратылуы, алғашқы адамның пайда болуы туралы мифтер, олардың ерекшеліктері мен ұқсастығы.

XIX ғ. аяғындағы қазақ-орыс мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі көркем әдебиет.

2 МОДУЛЬ Әлем әдебиеті мен мәдениетаралық қатынастар

XX ғ. басындағы қазақ-орыс мәдениетаралық қарым-қатынас контекстіндегі көркем әдебиет.

Қазақ-корея әдебиетіндегі мәдениетаралық қарым-қатынас.

Мәдениетаралық қатынастар контекстіндегі қазіргі қазақ-араб әдеби байланыстары.

Д.Исабеков шығармаларының мәдениетаралық қарым-қатынас дамуындағы ролі.

Көркем әдебиет контекстіндегі қазақ-орыс мәдениетаралық қарым-қатынастар. 19-20 ғасырлардағы орыс әдебиетіндегі қазақ-орыс мәдениетаралық коммуникацияның көрінісі.

Көркем аударма мәдениетаралық қарым-қатынас пен әдебиеттанудың нысаны ретінде

Түркі халықтарының қазіргі уақыттағы мәдени-әдеби байланыстары (қазақ, түрік, қырғыз, әзірбайжан, өзбек, т.б.).

Абай Құнанбайұлының әлемдік қарым-қатынас контекстінде алатын орны.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі.

Негізгі әдебиет:

1. Художественный текст в диалоге культур: Материалы международной научной конференции, посвященной Году Пушкина в Казахстане, 4-6 октября 2016 г.: // В 2-х частях. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 с.

2. Литературно-художественный диалог. – Алматы, 2018. – 214 с.
 3. Кумисбаев У. Проблемы арабо-персидских и казахских литературных связей – Алматы, 1995
 4. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации/ А.П. Садохин; рец-ты И.В. Кондаков, Э.В. Барков, А.В. Каменец. – 2 изд. стер. – М.: КНОРУС, 2019. – 256 с.
 5. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, 2018. – 352 б.
 6. Чулкина Л.Н. Основы межкультурной коммуникации: учебно-практическое пособие/ Н.Л. Чулкина. – М.: Изд. центр ЕАОИ, 2020 – 144 с. (Тема 7 стр. 29-35, Тема 8 стр. 36-61)
 7. Западное литературоведение XX века: Энциклопедия. – М.: Intrada, 2014.
 8. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 288б.
 9. Жұмағұлов С. 20-ғасырдың 2 жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Қарағанды: Гласир, 2008. - 552 б.
- Интернет-ресурстары:**
http://bankknig.com/guman_nauki/133687-vvedenie-v-literaturovedenie-xrestomatiya.html
<http://lib.kaznu.kz/default.asp>
<http://www.infoliolib.l/info/>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: *1 критерий.* Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. *2 критерий.* Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: *3 критерий.* Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. *4 критерий.* Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: *5 критерий.* Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. *6 критерий.* Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – Х әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы акпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӨ және/немесе өзге де сәйкестендіру

жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Әдебиеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас»
 Формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

ДЕСКРИПТОРЛАР					
№	Балл	«Қанағаттанарлықсыз»			
		«Оте жаксы»	«Жаксы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49% 0-24 %
1 сұрақ	Критерий 1 критерий. Теорияны және курс тақырыптарын білу	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді өте жақсы түсінеді. Бағандаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Бағандаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің қарастыратын мәселелері, негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптары дұрыс емес. Бағандаулары мен тақырыптарында стильдік, тілдік қателіктер көп ұшырасады.	Пәннің негізгі мазмұнына, ұғымдары мен тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.
2 сұрақ	Критерий. 2 критерий. Құрстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптарын дәйекті мысалдармен негіздей алады. Ұсынылған тапсырмаларды сауатты, ғылыми негізді, дереккөздерді дұрыс пайдалана отырып, көрнекі түрде орындаған.	Жауаптарында нақты мысалдар аз кездеседі. Кейбір ғылыми тұжырымдауларында дәлдік жетіспейді.	Жауаптарында сұрақ мазмұнын ашып бере алмады. Мысалдар келтірілген жок.	Негізгі ұғым-түсініктерді айтуға айтарлықтай қателіктер жіберді.
3 сұрақ	Критерий. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында, дәлелді дәйектермен, жан-жақты қарастыра отырып орындайды. Тақырып бойынша жазған жазбаша жұмысында ғылыми негізді өзіндік тұжырым жасай алатындығы көрінеді.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындағанымен, дәлелді дәйектерді толық келтірмеген. Жазбаша жұмысында стильдік, грамматикалық қателер ұшырасады.	Жазбаша жұмысында мазмұндық жүйелілік жок. Нақты зерттеу тақырыбына байланысты дереккөздерді қарастырмаған.	Жазбаша емтихан жұмысын қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасауды меңгермеген.
4 сұрақ	Критерий. Практикалық тапсырмада берілген	Практикалық жұмыс жасау барысында мысалдар келтіре отырып, тақырыпты саралай алады.	Мысалдар келтіре отырып тағалау жасауға бейімділігі бар. Дегенмен, жауаптарында жүйелілік сақталмаған.	Берілген тапсырмалар бойынша материалдарды толық қарастырмаған. Түсінбеген. Сондықтан	Пәннің мазмұны, тақырыптары бойынша материалдарды игермеген.

№	негізгі мәселені ашу және шешу.	Берілген тапсырмаларды дәйекті, жүйелі, ғылыми негіздеумен шешу, кері байланыс жасай алады. Шығарманы сауатты талдап, түсіндіріп бере алады. Өзіндік тұжырымдарын бекітіп, баяндауда ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі жеткізе алады. Әрине баяндау барысында талдау.	Берілген тапсырмалар бойынша жауаптарында пайдаланған әдебиеттер бойынша 3-4 кате жіберілді. Алайда бұл сапалы орындалған тапсырманың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.	Тапсырма бойынша негізгі мәселені ашып бере алмайды. Пәнің мазмұны бойынша тұжырымдары нақты емес, дәлелді емес. Стильдік, грамматикалық қателері бар. Шығармаларды талдауда қорытындылары дұрыс емес.	Жауаптары тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарға сай келмейді. Әрі жауаптары толық емес. Түсініксіз.	Берілген сұрақтарға жауап жазылмаған. Дереккөздер, талдау әдістері қолданылмаған.
3 сұрақ	негізгі мәселені ашу және шешу. 5 критерий Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 критерий Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.	Пән арқылы білгенін, түсінгенін қалай, қайда қолдана алатындығына нақты мысалдары жетерлік. Көркем шығармаларды талдау барысында бүтінгі күннің ситуацияларымен байланыстыра отырып тұжырым жасай алады.	Пәнің мазмұны бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын, өмірлік тәжірибеле қолдануға болатындығына мысалдары аз және нақты емес.	Пәнің негізгі тақырыптары бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын өз сөзімен жазбаша толық жеткізіп бере алмайды.	Жазбаша талдаулары әлсіз.	Білу, түсіну, талдау жасай алу, пікірін өз сөзімен жеткізе білу дағдылары жоқ.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

$$Қорытынды\ баға\ (ҚБ) = (\%1 + \%2 + \%3 + \%4 + \%5 + \%6) / K, \text{ мұндағы } \% - \text{ критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, } K - \text{ критерийлердің жалпы саны.}$$

Қорытынды баллды есептеу мысалы

Қорытынды баллды есептеу мысалы		«Қанағаттанарлықсыз»	
№	Балл	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»
		70-89 %	50-69 %
		90-100 %	25-49 %
			0-24 %
Критерий			
1. 1 критерий	100		
2. 2 критерий		75	
3. 3 критерий			60
4. 4 критерий			45
5. 5 критерий	100		49
6. 6 критерий			

Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6 \text{ критерийлер} = 71,5$ Қорытынды балл в % = 72
-------------	-----	----	----	----	---

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйенсе отырып, біз бағалауды шкаласымен салыстыра аламыз. 72 балл 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ЕСТS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әрпіттік жүйесіне сәйкес «Жақсы» 72 баллға бағаланатын болады.

Декан _____ Б.Ө. Жолдасбекова
 Кафедра меңгерушісі _____ А.Б. Темірболат
 Дәріскер _____ Б.С. Сарбасов

